

ОӘЖ 342.733

Мырзатаев Нурмухамед Даулеткелдіұлы

доктарант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.
e-mail: muxametnur@mail.ru

Тастекеев Кайрат Кулбаевич

заң ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті,
Семей қ.
e-mail: tast-67@mail.ru

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ЕНГІЗУ, ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Жоғары білім беру жүйесін жетілдірудің тиімді жолдарының бірі ретінде цифрлы технологияны енгізуді қарастырған. Мақалада осы цифрлы технологияларды ЖОО-на енгізу барысындағы кейбір мәселелер қарастырылған. Онлайн арқылы, интернет желісін тиімді пайдалану негізінде жоғары білім беру саласын реттейтін норманы енгізу қажеттігі туралы ойлар айтылған.

Түйін сөздер: жоғары білім беру, цифрлы технология, онлайн білім, Интернет-технологиялар, IT, ТВ-технологиялар, ЖОО, білім туралы заң.

Одним из наиболее эффективных способов совершенствования системы высшего образования является внедрение цифровых технологий. В статье излагаются некоторые вопросы внедрения этих цифровых технологий в университет. Было высказано предположение, необходимо ввести норму, которая регулирует высшее образование на основе рационального использования онлайн Интернета.

Ключевые слова: высшее образование, цифровые технологии, онлайн-образование, интернет-технологий, IT, ТВ-технологии, университет, закон об образовании.

The implementation of digital technologies is one of the most effective ways to improve the system of higher education. The article outlines some of the issues of implementation of these digital technologies in the university. It was suggested that it is necessary to introduce a norm that regulates higher education based on the rational use of the Internet.

Keywords: higher education, digital technologies, online education, Internet technologies, IT, TV technologies, university, law on education.

Еліміздің ертеңі жоғары білімді жастардың қолында. Жоғары білім беру жүйесінің жастарға қойып отырған талаптары күннен күнге күшейуде. Әлемдік нарықтық бәсекелеске түсу үшін еліміздің жастары жоғары білімді жан-жақты болуы өте өзекті. Жоғары білім беру саласы ол жалпы адамның өмір бойы өзінің білімін кезең кезеңмен ұштастырып, дамытып, жетілдіріп отыруы. Қазіргі таңда адамның жоғары білім алуының сапа көрсеткіші ретінде цифрлы технологияларды меңгеруі мен өндірісте оны игере алуында болмақ.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауларына шолу жасап қарағанда жастардың мәселесін, білім беру жүйесі, сапалы біліу беру арқылы адами капиталды дамыту арқылы мемлекетімізді өркендетуге болатындай, әлемдік экономикалық дағдарысқа, бәсекелестікке төтеп беретіндей азаматтық қоғамды қалыптастыруды үнемі айтып келеді. ЖОО түлектерінің алған дипломдары әлемдік қауымдастықта танылып еңбек ресурстарының аясын кеңейтуге құқықтық негіздер қаланып тиісінше халықаралық шарттар мен келісімдер жасалынған. Елбасының «Цифрлық Қазақстан»

мемлекеттік бағдарламасы туралы» және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы және 2017-2020 жылдарға арналған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы және жыл сайынға қазақстан халқына жолдауларын жүзеге асыру бағытында ҚР Үкіметінің жүргізіп отырған іс шараларының ауқымы өте кең.

Адамдық капиталды дамытудың қазырғы таңдағы бірден бір тетігі ол нана-технология мен сандық техниканы ұштастыра отырып жүзеге асыруды ұйымдастыр. Осы орайда, жастардың білім алуы мен оны қоғамның пайдасына пайдалана алуы үшін, еңгізуге ең оңтайлы білім беру жүйесі ол, жоғары білім беру жүйесі деп ойлаймыз. Ақыл санасы қалыптастан, елдің ертеңі елеңдететін, қайраты мен талабы таудай білім алуға құмар тегіс жастар шоғырланған орта ол әрине ЖОО. Бідің ойымызша, осы ЖОО білім беру аясында тиісіті мамандықтар бойынша болашақ маман даярлау барысында цифрлық технологияларды жан-жақты тиімді пайдалану қажет. Ол үшін ЖОО

компьютер мен әр түрлі техникалық апаттарды шоғырландыру жеткіліксіз. Көбнесе ол техникалық құралдар гуманитарлық салаларда мамандар даярлау барысында тіпті пайдаланып жатқан да жоқ. Саны бар қажеттілігі жағынан ешқандай септігін тигізіп отырмаған техникалық құралдарды тиісінше пайдалану мәселеге айналып отыр. Техникалық құралдардың дамуы әлемдік жаһандану қазіргі жастардың алдына жаңа талаптар қойып отыр. Тек өз мамандығының кәсіби теориялық жағынан мықты маманы болу жеткіліксіз екендігін өмір өзі дәлелдеп отыр. Оған дәлел өте көп, мәселен сен өте жақсы білімді ОПҚ болғаныңмен егер цифрлы технологияны пайдалана алмасаң онда сенің қажеттілігің ЖОО шамалы. Себебі сенімен қоса осы техниканы игере алатын қосымша маман қажеттігі туындайды, бұндай жағдайда барлық жұмысберушіге экономикалық жағынан тиімсіз. Сондықтан да, болашақ маман даярлау барысында цифрлы технологияларды өз мамандығы аясында игерген маман даярлау қажеттігі байқалып отыр. Сандық технологияны пайдалана алмайтын адам алдағы он жылдықтан кейін жұмыссыздар қатарына қосыла беретіндігін байқап отырмыз.

Жоғары білім беру жүйесін жетілдірудің тиімді жолдарының бірі ретінде цифрлы технологияны енгізуді тетігін айқындайтын норманы заңмен бекіткен жөн.

Білім беру жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің бастауы ретінде ҚР Конституциясының 30-шы бабын айтуға болады. Аталған баптың нормалары еліміздің жоғары білім беру саласының алдына қойып отырған мақсаттарын жүзеге асыруға кедергі болып отыр. Оның бірі ЖОО дербестігі мен академиялық бостандығын тануға байланысты. Әр бір автономды ЖОО өзінің түлектеріне өздерінің дипломдарын беру арқылы академиялық автономдығын құқықтық тұрғыдан жүзеге асыруына ҚР Конституциясының 30-шы бабының 4-ші тармағы кедергі келтіріп отыр деп ойлаймыз. Себебі ҚР Конституциясының 30-шы бабының 4-ші тармағында «Мемлекет білім берудің жалпыға міндетті стандарттарын белгілейді. Кез келген оқу орнының қызметі осы стандарттарға сай келуі керек» [1] - делінген. Біздіңше осы тармақтың нормасын өзгерту қажет. Өйтпегенде мемлекеттік стандартқа сәйкес келмейтін барлық ЖОО қызметін заңсыз деп, оның білімалушыларға берген дипломдарын

мемлекетіміз танымауға конституциялық негіз бар. Мемлекеттің қазіргі таңда жүргізіп отырған саясаты ол ЖОО-на дербестік беру арқылы мемлекеттік реттеуден біртіндеп қоғамдық нарықтық реттеуге ауысу. Азаматтық қоғамдағы нарықтық экономиканың қағидаттарына сәйкес даму жолын қарастырсақ онда, осы аталған баптың тармағы көптеген мәселе туындауына негіз болады. Заң нормаларын қолдану барысында квизи мәселелер туындамау үшін Ата заңдағы 30-баптың 4-ші тармағын: «Мемлекет білім берудің жалпыға міндетті стандарттарын белгілейді. Кез келген мемлекеттік оқу орнының қызметі осы стандарттарға сай келуі керек. Автономды ЖОО дербес білім берудің стандарттарын өздері белгілейді» - деген редакцияда өзгерту арқылы мәселені шешуге болады деп ойлаймыз.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 санды қаулысы негіз болған еді [2]. Осы аталған қаулыда «адами капитал белсенді түрде дамитын цифрландыруға күш салу ол болашақтың ғылым мен білім дағдыларын ерте жастан бастап тәрбиелейтін, автоматтандыру және жаңа технологиялар есебінен бизнес жұмысының тиімділігі мен жылдамдығын арттыратын, ал азаматтар өз мемлекеттерімен қарапайым ашық диалогы болатын қоғам құрауға әкеледі» [2] - делінген болатын.

Білім беру саласын цифрландыруға орай ұйымдастырылған Үкімет отырысында аталған тақырып жан-жақты талқыланды. Онда Елбасының жалпы қоғамды цифрландыру еліміздің экономикасын арттырып оның әлемдік бәсекеге қабілеттілігін шыңдау тетігі ретінде ерекше маңызы айтылған болатын. Білім беру жүйесін цифрландыру әрбір қазақ үшін өздеріне тиімді ортаны қалыптастыруға негізделу керектігін айтты. Жоғары білім мен жалпы білім беру жүйелеріндегі осы цифрландыруды енгізуге кедергі болып отырған мәселелерде тысқары қалмады. Вице-спикердің пікірі бойынша, мемлекеттік органдардың білім беру ақпараттық жүйелермен интеграциялық үндестігі бойынша көрсеткіштердің төмендігін алға тартты. Ақпараттық желілердің шалғайдағы жер жердегі интернет желісіне қосылу мен оның қызмет көрсету сапасының төмендігі жоғары білім беру жүйесінің көкейтесті мәселесі болып отыр. Сонымен қатар, Республикамызда бірыңғай оператордың болмауы білім беру саласын цифрландыруға

қолайсыз екендігін білдірді. Білім беру жүйесіндегі бірыңғай техникалық талаптардың болмауы ақпараттық коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз ету деңгейінің төмендігі, мамандардың сапасыздығы туралы талқыланды [3]. Сандық жүйені енгізудегі мақсат халықтың өмір сүруін жақсарту, адамдардың бәсекеге қабілеттігін арттыру. Білім саласын цифрландыру оқу тәрбие жұмысын жеңілдетуге және жеделдетуге, білімалушылар мен оқытушы құрамға және ата аналар мен жұмыс берушілерге жүктеліп отырған жүктемелерді кеміту. Жоғары білім беру саласында ең бастысы ол білімнің сапасын арттыру. Жаңа өзгерістер мен ұсыныстар әрине реттеуді, жүйелікті, кешенді тәсілдерді және қауыпсіздікті талап етеді. Осы тұрғыдан алғанды білімалушылардың цифрлы техникаларды қолдану барысында олардың өмірі мен денсаулықтарына кері әсерінің болмауы жіті қадағалануы тиіс. Білімалушылардың әр түрлі техникалық құралдармен жұмыс жасағанда техникалық нормативтерде рқұсат етілген мөлшерден аспайтын ерекше тексеруді қажет ететін және санитарлық-гигиеналық нормалар кешені болуға тиіс [3]. Е.Сағадиев ғылым мен білім саласындағы цифрландыру бағытында жұмыстар жүргізіліп жатқандығын мәлімдеді. Ғылым мен білім беру саласын басқаруды толығымен автоматтандыру мен IT мамандарын көптеп даярлау бағытында жұмыстар жүргізіліп отырғандығына тоқталды. Министірліктің пайыдауынша білім саласын цифрландыру үш бағытта жүргізілуі тиіс дейді. Оның біріншісі, орта білім беру жүйесін ақпараттандыруды дамыту. Екінші, ол білім беру және ғылымды басқаруды автоматтандыру. Үшінші IT мамандарын даярлау [3]. Министр келтірген деректерге сүйенсек, 2016-2017 жылдары 14 мыңнан астам мультимедиялық жиынтық сатып алынған. Биыл осы бағытта республикалық бюджеттен тағы да алты миллиард теңге қарастырылған екен [3]. Ұстаздарың қағазбастылығын арылту мақсатында олардың қоланылатын құжаттарын нақты бекітілді. Олар тек бес қана құжат болып бекітілді. Алдағы уақытта жалпы білім беру ошақтары электронды жүйеге қосылатын болса онда, сол аталған құжаттар электронды түрде жүргізіледі. Осыған орай министрліктің бұйрығы да шығып қойған. Оқытушы құрамның өзінің қызметіне жатпайтын көптеген қоғамдық жұмыстарды да атқаруына министрлік қарсы екендігін білдірді.

Сондықтан да, әр түрлі деңгейдегі басшылар мұғалімді өз бақылауларында ұстауды ұсынып отыр [3].

Білім және ғылым министрлігінің цифрландырудың екінші бағыты ол білім жүйесін басқаруды автоматтандыру. Электронды үкімет желісі арқылы балабақшаға кезекке тұру, әр түрлі жолдама беруді автоматтандырудың мемлекеттік стандарттары бекітілді. Сонымен қатар, орта мектепке қабылдау, өзара ауысу электронды түрде жүзеге асырылатын болды [3].

Үшінші IT мамандарын даярлау бойынша ақпараттық технология саласындағы білім сапасын арттыру мақсатында университеттердің рейтингі әзірленген. Университеттер арасындағы бәсекелестікті арттырып, білім берудің сапасын арттыруға қадам жасайды деген пікірде [3].

Аталған министрлік білім және ғылым саласын цифрландыру тұжырымдамасын ұсынды. Тұжырымдаманың жобасы аясында цифрлы ақпаратқа қолжеткізу мен шапшаңдықты арттыруға бағытталған. Цифрлық жүйені әділ етіп және білімнің сапасын көтеру міндегі қойылған. Тұжырымдаманың тағы бір бағыты – «Big Data» жүйесін құрып, онлайн талдау жасау [3]. Осы тұжырымдаманың іске асыру барысында көптеген қорланып қалған мәселе бар екендігін де ашып айтты. Оқытушылар мен білімалушыларды компьютермен, ноутбуктермен, смартфондармен толығымен жабдықтау қажет. Одан кейінгі мәселе білім беру ордаларын интернет желісіне қосылуымен қолжетімділігін қамтамасыз ету. Қазіргі таңда жоғары жылдамдықпен интернет желісіне қосылған мектептердің 62 пайызы жабдықталып болған, қалғаны әлі қосылмаған. Цифрлы қазақстан бағдарламасы аясында қалған мектептерді қосу жоспары нақтыланған дейді министр. Білім беру бағдарламаларының мобильдік версиясын талап етіп отыр. Келесі мәселе ол деректерді бір орталыққа жинап, интеграция жасаудың қажеттігін алға тартып отыр [3]. Цифрландыру білім мен ғылым саласына жалпы көпшіліктің қолжетімділігін арттырып, басқарушылық пен әкімшілік қызметке көмектеседі деген ойда [3].

Біздің ойымызша, жоғары білім беру жүйесін жетілдірудің тиімді жолдарының бірі ретінде цифрлы технологияны енгізуді уәкілетті орган қарастырған. Дегенмен, аталған жобалардың жүзеге асырылуы тікелей заң нормасында

айқындалуына байланысты. Сондықтан да, білім туралы заңның аясында жоғары білім беру саласын цифрлы технологияны енгізуді міндеттейтін нақтыланған бап қажеттігі байқалады. Қазіргі қолданыстағы Білім туралы 2007 жылғы заңның білім беру жүйесін басқару органдарының ақпараттық қамтамасыз ету деп аталатын 7-ші бабында, 4 шілде 2018 жылғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын. Заңдағы 7-ші баптың 1-ші тармағында «ҚР білім беруді тиімді басқарудың мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесі құрылады және жұмыс істейді» [4] - делінген. Аталған баптың нормасы негізінде білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесі дегенді, білім алушылар мен білім беруші мекемелер мен оның лауазымды адамдарының қызметі мен құзыретіне жалпы мемлекеттік басқаруды түсінген абзал. Жоғары білім беру саласының цифрлы технологияны енгізуі бақылаудың жоқтығы емес керісінше, бақылаудың өте оңай және тез, жедел түрде басқарылуы деп түсіну қажет. Білім туралы заңның 7-ші бабының 2-ші тармағына сәйкес «Білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін, білім беру мониторингінің деректерін, статистикалық байқауларды және білім беру саласындағы уәкілетті орган, жергілікті атқарушы органдар, білім беру ұйымдары өз міндеттерін жүзеге асыру кезінде алған өзге де деректерді қамтиды» [4] – деп көрсетілген. Біздіңше, заң шығарушы орган бірыңғай ақпараттық жүйенің нақты қандай деректер қорына қолжеткізе алатыны мен осы жүйенің құзыреті мен қызмет аясын заңмен нақтылап отырған жоқ. Заңдағы «өзге де деректерді қамту» - деген сөз теориялық тұрғыдан әр түрлі талдауға болады, яғни ақпараттық жүйенің қызмет аясы заңда көзделген және заңда көзделмеген деректерді де қамту мүмкіндігін айтып отырса керек. Заңда нақты көрсетілмеген норманы тәжірибеде қолдануға келгенде көптеген қателіктерге бой алдыратынымыз да, жасырын емес. Сондықтан да, осы 7-баптың 2-тармағыдағы бірыңғай ақпараттық жүйеге қандай деректерді жатқызатындығымыз нақты көрсетілуі қажет деп ойлаймыз. Аталған мәселе бойынша заңшығарушы орган 7-ші баптың нормаларына ресми түрде түсініктемені жасағаны онды деп ойлаймыз. Себебі, Елбасының жолдауларындағы тапсырмаларды орындау

барысында Қазақстанды цифрлы мемлекетке, электронды үкімет, ақылды қала тағы басқа жобаларды жүзеге асыруға осы бапты тәжірибеде қолдану аса қажет.

Жоғары білім беру саласын цифрландыру нәтижесінде әрбір білімалушы ақпаратты еркін пайдалануға, оны қажетіне қарай талдап, саралай білу мүмкіндігіне ие болуы шарт. Себебі жоғары білім беру саласының жаһандануы білімалушылардың интеллектуалдық белсенділігінің артуына, сол арқылы жоғары білім беру жүйесін дамытуға негіз болмақ.

ЖОО алға қойылған мақсаттардың бірі – жаңа ақпараттық технологияны білім беру жүйесіне пайдалана алатын, ақпараттық құқықтық мәдениеті жоғары, білімді тұлғаны қалыптастыру.

ЖОО-ындағы білім беруді цифрландыру мынадай мақсаттардан туындаған:

- жоғары оқу орны білім беру барысында білімалушылардың ақпараттық құқықтық мәдениетін оның ішіндегі адалдық қағидасының қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындау;

- жоғары оқу орны білім беру үдерісінде білімалушылардың ақпараттық құқықтық мәдениетін қалыптастырудың шарттарын анықтау және құрылымдық моделін жасау;

- жоғары оқу орны білім беру саласында білімалушылардың ақпараттық құқықтық мәдениетін қалыптастырудың әдістемелік жүйесін жасау және тәжірибелік-эксперимент арқылы оның тиімділігін тексеру;

- білімалушылардың ақпараттық құқықтық мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік ұсыныстарын тәжірибеге /практикаға/ енгізу.

Жоғары білім беру жүйесіне білім берудің жаңа цифрлы технологияларын енгізу және ақпараттық технологиямен қамтамасыз етуді жетілдіру, білімалушылардың ақпараттық құқықтық мәдениетін қалыптастыру міндеттері бір-бірімен өзара тығыз байланысты, яғни білім беру стандарттарына қазіргі заманғы технологиялар мен оқытудың техникалық құралдарын енгізуді талап етеді. Мұндай талаптарды қанағаттандыру – білім беру жүйелеріне жоғары білікті мамандарды дайындау мәселелерін ғылыми негізде шешу қажеттілігімен тікелей байланысты.

Жоғары білім беру жүйесінде электрондық оқулықтан басқа түрлі оқыту құралдары да пайда болуда, атап айтсақ тікелей оқытуға

арналған, бірақ өзіндік оқуға қажетті электронды энциклопедиялар; саралап оқыту жүйелері; ақпараттық оқыту программалары; электронды практикумдар; презентациялар; есептер жинағы; ақпараттық жаттықтырғыш ойындар және т.б. Сонымен қатар, осындай материалдар электронды оқулықтарда қосымша құрылымдық элемент ретінде қолданылады. Оқу материалдары эволюциялық және төңкерістік ұзақ жолды өтті. Бірінші тармағы - программалары, екінші тармағы - гипермәтіндік және мультимедиялық жүйелер, үшінші тармағы - желілер жүйесі.

Негізгі ақпарат көзі болатын электрондық білім порталдары дүниежүзілік білім ордаларына жол ашуда. Ол адамның өзіндік білім деңгейін кеңейтуге, біліктілікті көтеруге көмектеседі.

Телекоммуникациялар кітапханалық жүйені үнемі қолдануға мүмкіндік береді. Бұл жүйе өзіндік жұмысымен жиі айналысатындарға үлкен көмек. Автоматтандырылған кітапханалық жүйені дамыту интернетте кітапханалық каталогтарды ашумен ғана шектеледі, материалдардың мазмұны берілмейді, бұл тұтынушыларға қиындық келтіреді. Қазіргі таңда кредиттік жүйеге көшкен көптеген оқу орындарында кітапханалық ақпараттық желілерді құру шешіліп жатыр. Бұл дүниежүзілік кітапханалық – ақпараттық жүйені қолдану, студенттердің электрондық каталогтарда жарыққа шыққан кітаптармен танысуға және әлемдік дәрежедегі ғылыми журналдағы мақалалармен тез дер кезінде танысуға жол ашылады.

Еліміздің ЖОО-ры қашықтықтан білім беру технологиясын оқу үдерісіне енгізе бастады. Бұл бағытта ҚР Білім және ғылым министрінің 2007 жылдың 24 желтоқсанындағы №590 бұйрығымен «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесі» бекітілгеннен кейін бір жүйеге келтіріле бастады. Қашықтықтан оқыту – білім беруде әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан өте маңызды, себебі бұл жүйе – студенттердің тұрғылықты жерінде білім алуына мүмкіндік береді. Осын тұрғыдан бірқатар жаңа түсініктерге тоқталып өткенді жөн көріп отырмыз, олар көп қолданылатын сөзер.

Интернет-технологиялар - өз бетінше оқу курсы менгеруге, оқытушыдан кеңес алуға, қорытынды бақылаудан өтуге мүмкіндік беретін оқу материалын интернет жүйесі арқылы алу. Интернет технологияның белгілі бір мүмкін

формасы тьюторлық класс деп аталады, ол сырттай және қашықтан оқыту формасында студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы (ОСӨЖ) жоспарлауға мүмкіндік береді.

ТВ-технологиялар – оқу мақсатына сәйкес жасалған аудио-, видеоматериалдар көмегімен жүзеге асырылады, бұл материалдарды емтихандық сессия алдындағы толық курстарда тыңдай алады.

«Интернет – студент» қарым – қатынасын құрудың өзі жаңа оқыту технологияларын дүниеге әкеліп отыр. Бұл жағдайда Интернет материалдары арқылы дәстүрлі электрондық поштадан бейнеконференция, web-чат сияқты ақпарат алмасудың жаңа сатыларына көшуге мүмкіндік беріледі. Студент өз бетімен жұмыс істеуді үйренеді, өз бетімен оқу материалымен танысып, оны басқа қосымша ақпараттармен толықтыра алады. Сондай-ақ, өз меңгерген білімін тексере алады.

Қазіргі жоғары оқу орнындағы білім беру үдерісінде қолданылатын ақпараттық-телекоммуникациялық құралдарды төмендегіше жіктеуге болады. Білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық құралдардың жаңа заман талабына сай түрлерінен саналатын мультимедиялық энциклопедия, қашықтықтан оқыту, электрондық оқулықтар мен түрлі дыбыстық таспа материалдары бүгінгі таңда студенттердің қай пәнді болмасын тез әрі терең, шығармашылықпен игеруіне мейлінше қолайлы жағдай тудырып отыр.

Қазіргі әлемде жаңа техникалық құралдардың жетілуі күн өткенсайын дамып, жетіліп келеді. Осы орайда ЖОО білім беру платформалары да тиісінше икемделуі қажет деп ойлаймыз. Біріншіден, қазіргі кезде ЖОО берген дипломдары адамның білім дәрежесінің көрсеткіші бола алмайды. Екіншіден, адамның жан-жақты білім нәрімен сусындануына оның ішкі рухани құндылықтарын байыту мен дамыту үшін ЖОО қызмет көрсетуіне мұқтаж емес. Адам өзіне керекті білімді ақпаратты интернет желісі арқылы өзінің қажеттілігін қанағаттандырып отыр. Осы орайда жоғары білім беру ошақтары интернет, онлайн желісі арқылы халыққа жан-жақты кеңінен білім беру бағдарламаларын ұсыну арқылы ғана өзінің әлемдік жаһанданудағы цифрлық технологияларды пайдаланушы тұтынушылар алдындағы өзінің қажеттігін дәлелдеуге міндетті. Олай болмаған жағдайда онлайн желісі немесе интернет арқылы адам өзіне қажетті кез келген материалдық білімді игеруге

құқылы. Дегенмен, заңшығарушы орган адамның бұл құқығына шектеу қоя алмасы анық. Бірақ, заң нормасы арқылы тек қолында тиісінше ЖОО дипломы бар адамдар ғана құқықтық тұрғыдан жоғары білімді деп саналады және оның барлық құқықтары мен артықшылықтары заңнамаларда айқындалған. Ол тиісінше жұмысқа орналасу, жалақы алу, т.б. Керісінше теориялық тұрғыдан алғанда мысалы, Билл Гейтс, Ричард Брэнсон, Ингвар Кампрад, Квентин Тарантино т.б. әлемге аты танымал тұлғалардың ешқандай құжатпен бекітіліп берілген жоғары білім жоқ. Себебі, олар өмір мектебінде өздігінен білімдерін жетілдіріп дамытқан тұлғалар. Егер қазіргі таңда біз цифрлық техниканы ЖОО кеңінен қолдануды енгізіп халыққа қызмет көрсету аясын жетілдіруіміз қажет. Адамның интеллектуалды көрсеткішін, оның белгілі бір білімді меңгерген деңгейін анықтайтын бір өлшемді заңдастырғанымыз абзал. Ата заң бойынша адам өз білімін өмір бойын шындап жетілдіруіне қайшы келетін норма жоқ. Дегенмен, адамның өзбетінше алған білімінің деңгейін тексеріп оны заңмен бекітіп беретін де бірде бір норма жоқ және ҚР-ның білім туралы заңында да, ол қарастырылмаған.

Онлайн түрде оқу әр адам өз бетінше дайындалып, ізденуіне, түсінбеген тұстарын қайта қарау арқылы жете меңгеріп алуына жағдай тудырса, онлайн-дәріс оқитын оқытушылар тақта алдында ұзақ тұру қажеттілігінен арылып, сонымен қатар, білімалушыға берілетін ақпаратты аз ғана уақыт ішінде қысқа да нұсқа етіп жеткізуді дағдыға айналдыруына мүмкіндік бермек. Қазір күн сайын жаңарып, жетіліп жатқан соңғы үлгідегі

смартфондар мен жылдам интернет мүмкіндігі қолда тұрған ХХ! ғасыр заманында мұндай жоғары білім беру уақыты мен қаржысын үнемдегісі келетін көптеген адамдар үшін аса қажет екендігі белгілі. Онлайн білім беру платформалары – «оқытушы керек емес» дегенді білдірмейді, керісінше, білім алушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын жаңа мүмкіндік көзі ретінде жаңа фарматтағы мамандарды қарастырып отыр.

Онлайн түрде оқытудың және оқудың мынадай артықшылықтары барын мамандар айтып отыр. Олар:

- қазіргі заманға сай ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мен құралдарды үйрене отырып жоғары білім алу.

- сапалы, оңай, жеңіл әдістермен білім мен ғылымды үйрену.

- уақыт пен қаржыны үнемдеу.

- адам өзіне ыңғайлы уақытта оқу.

- аумақтық шектеу жоқ, әлемнің кез келген түпкірінен қажетті білімді аласың.

- денсаулық күйі бойынша да ешқандай шектеу жоқ.

- оқытушы да білімалушыда арттық кетіп тақырыптан ауытқымайды.

- бос әңгімеге жол бермейсің.

- аудиторияң шексіз, білім алушылардың саны бойынша шектеу жоқ.

- ұмытқаныңды артқа қайтып қайталап қарауға мүмкіндік бар.

Болашақта ғылым мен білім қоры әр адамның қалтасындағы телефонда яғни, бір саусақтың ұшында болады. Ал енді соны пайдалану және қорыту бүгінгі күннің өзекті мәселесі ғана емес сонымен қатар, әркімнің талабына байланысты болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 жылғы N 4, 217-құжат (Қазақстан Республикасы Парламентінің басылымы) 10.03.2017 жылы жағартылған. Режим доступа- http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_/history
2. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы. Режим доступа- <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
3. Абай А. Үкіметте білім саласын цифрландыру мәселесі қаралды //ЕҚ, 20.03.2018ж. Режим доступа- <https://www.egemen.kz/article/166338-ukimette-bilim-salasyin-tsifrlandyru-maselesi-qaraldy>
4. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. 4-ші шілде 2018 жылғы өзгертулер мен толықтыруларды қоса алғанда. Режим доступа-<http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>

Мырзатаев Нурмухамед Даулеткелдіұлы

Лауазымы: 3-курс докторанты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шәкәрім 54-121

Ұялы тел: +7 707 236 49 43

Тастекеев Кайрат Құлбаевич

Лауазымы: заң ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шәкәрім 54-121

Ұялы тел: +7 701 306 67 43

Жоғары білім беру жүйесіне цифрлық технологияны енгізу, қазіргі жағдайы және даму перспективалары

Мырзатаев Нурмухамед Даулеткелдиевич

Должность: докторант 3- курса, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г.Семей

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г.Семей, Шакарима 54-121

Сот.тел: +7 707 236 49 43

Тастекеев Кайрат Кулбаевич

Должность: кандидат юридических наук, доцент, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г.Семей

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г.Семей, Шакарима 54-121

Сот.тел: +7 701 306 67 43

Внедрение цифровой технологии в системе высшего образования современное состояние и перспективы развития

Myrzataev Nurmukhamed Dauletkeldievich

Position: 3-rd year doctoral student, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, Shakarim 54-121

Mob.phone: +7 707 236 49 43

Tastekeev Kayrat Kulbaevich

Position: Candidate of Juridical Sciences, Associated Professor, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, Shakarim 54-121

Mob.phone: +7 701 306 67 43

The implementation of digital technology in higher education: the current situation and development prospects